

Ключевые слова: Интерактивные методы, проблемная лекция, семинар-дискуссия, сотрудничество студента с преподавателем.

Студенттерге қазақ тілінің сөзжасамын оқытуда жаңа интербелсенді әдістерді қалай қолдану қажеттігіне тоқталмақпыз.

Интербелсенді оқытудың ғалымдар көрсетіп жүрген мынадай шарттары бар:

- жағымды психологиялық орта орнату;
- үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты тудыру;
- білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау;
- білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану [Әлімов 2009: 94].

Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, сабақ кезінде білім алушылардың белсенді түрде әрекет етуіне жағдай жасау оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Ол үшін сабақ үдерісінде жеке тұлғаның белсенді әрекетін жандандыратын оқытушы мен студенттің, студенттердің өздерінің араларында ынтымақтастықта, бірлесіп жұмыс істеуге түрткі болатын көңіл күй қалыптасуы қажет. Сонда ғана білім алушылар ынталы түрде шығармашылық белсенді іс-әрекет жасауға машықтанатын болады. Сондықтан сабақта оқытудың ұтымды әдістерін орынды пайдалана білудің мәні үлкен. Ос ретте Ж.Аймауытовтың « Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» (Аймауытов, 1998: 47),- деген пікірі өте орынды айтылғандығына куә боламыз. Әсіресе ғалымның дидактиканың жалпы заңдылықтары мен қағидаларын талдай келе өзі ұсынған ұстанымдарының ішінде – оқытудың ширақ, жігерлі, қызу болу ұстанымы дегені – қазіргі интербелсенді оқытудың талабына сәйкес келетіндігін ерекше айтқымыз келеді. Бұдан қазақ тілін оқыту әдістемесінде өзіндік орны бар ғалымның пікірі жаңа мәнге ие болып отырғандығы анық көрінеді. Ал тілді оқыту әдістемесі дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алатыны белгілі жайт. Сондықтан студенттерге қазақ тілінің сөзжасамы пәнін меңгеруде ширақ, жігерлі, қызықты болуына мүмкіндік беретін интербелсенді әдістерді тиімді түрде пайдаланғанда ғана сабақ үдерісі сапалы болмақ.

Жоғары оқу орындарындағы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – лекция. Лекцияға ғылыми-әдістемелік еңбектерде мынадай анықтама беріліп жүр: «сабақта айтылмақ ойды тезис-жоспар бойынша күні бұрын жобалап, жоспарлап алып, сол бойынша мұғалімнің баяндау монологі». Бұл – дәстүрлі лекцияның бағытын көрсететін сипаттама. Ал қазіргі бейдәстүрлі лекциялар

білім алушылардың белгілі бір тақырып бойынша бірлескен әрекет негізінде оларда өзіндік пікір мен көзқарас қалыптастыруға бағытталады. «Интербелсенді лекцияда негізгі қағида «беру», «үйрету» емес, «ұсыну» болады. Ұсынылған мәлімет бойынша студенттер бірлескен белсенді әрекеттер арқылы өздігімен жаңа білім құрастырады» (Әлімов 2009: 229). Интербелсенді лекциялардың оқытудың кредиттік жүйесінде қолданылып жүрген бірнеше түрлері бар: проблемалық, пікірталас, кеңес беру, визуальды, екеуара, әдейі қате жіберу т.б. Мысалы, лекцияның тақырыбы – Сөзжасамдық тәсіл мәселелері. Сабақтың мақсаты – сөзжасамдық тәсілдердің түрлері және олардың ерекшеліктері жайында түсінік қалыптастыру. Лекцияның түрі – проблемалық.

Сөзжасамдық тәсіл және оның түрлері жайында студенттер силабус бойынша қажетті әдебиеттермен танысып келетіндіктен (әрі олардың мектептен және бірінші курста өтілетін «Нормативті қазақ тілі» пәнінен түсініктері бар), сондықтан оларға лекцияда мынадай сұрақтар қойып, шешімін тапқызыртуға болады:

- сөзжасамдық тәсілдердің морфологиялық, аналитикалық, лексика-семантикалық деген терминдерінде сөзжасамдық мән бар ма?
- сөзжасамдық тәсілде уәждеме қандай тәсіл атқарады?
- сөзжасамдық жұрнақтарды екі топқа бөлуде олардың қандай ерекшеліктері ескеріледі?

Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, студенттер сөзжасамдық тәсілдердің морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық деп аталуында ешқандай сөзжасамдық ұғымның, мағынаның жоқ екендігін, оның үстіне осы тәсілдердің атауын ана тіліміздің сөздерімен беруге болатындығын, яғни морфологиялық (синтетикалық) тәсілді – сөзжасамдық жұрнақ тәсілі деп, аналитикалық (синтаксистік) тәсілді – сөзжасамдық күрделендіру тәсілі, лексика-семантикалық тәсілді- сөзжасамдық мағына тәсілі деп атауға болатындығын, сондай-ақ уәждеме сөздің лексикалық мағынасы туынды сөздің лексикалық мағынасын жасауға арқау, негіз болатындығын, сөзжасамдық жұрнақтарды екіге бөлу олардың сөзге қосатын мағынасымен байланысты екендігін мысалдармен дәлелдейді, оқытушы толықтырып, қорытындылайды. Мұндай дәріс барысында білім алушылар жаңа тақырыпты сұрақтарға жауап іздей отырып, түсінеді, менгереді. Мұндай лекция «сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға... мүмкіндік береді, теориялық ойлау қалыптасады, оқу пәнінің мазмұнына танымдық қызығушылық артады, сондай-ақ ғылыми білім дамуындағы қарама-қайшылықты мәселелерді танып, шешуге үйретеді» (Сүлейменова 2005: 144).

Немесе, «Күрделі сөздер» тақырыбын өткенде мынадай мәселелік сұрақтар бойынша талдауға болады:

- күрделі сөздерді қандай белгілері арқылы ажыратуға болады?
- күрделі сөз бен жай, еркін сөз тіркесінің ерекшелігін қалай дәлелдеуге болады?
- тіркескен күрделі сөздің тірек сыңары мен туынды түбір жасайтын жұрнақтың қандай ерекшелігі мен ұқсастығы бар?

Білім алушылар мен оқытушы бірлесіп осы сұрақтардың шешімін табады. Студенттер күрделі сөздер туралы өздерінің мектеп қабырғасында және алдыңғы курстағы практикалық сабақтағы білімдерін және силлабуста көрсетілген ғылыми әдебиеттерден тапқан мәліметтеріне сүйеніп, сұрақтардың жауабын дәлелдейді.

Бірінші сұрақ бойынша күрделі сөздер қанша сөзден құралса да, ол бір ғана тұтас лексикалық мағынаны білдіріп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратындығы, бір сұраққа жауап беретіндігі айтылады. Сондай-ақ күрделі сөз бен дара сөздің екеуіне де ортақ белгі - бұлардың екеуі де лексикалық мағына береді. Дара сөз қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі сөз де сондай лексикалық бірлік тобына жатады, өйткені олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар. Осы мәселеде күрделі сөз дара сөздің әр түрімен тең бола алады. Күрделі сөздердің сыңарлары қалай болса солай, кез келген сөзден жасала бермейді, оның өзіндік заңдылықтары бар. Біріншіден, күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар мағыналық қатысы бар сөздерден құралады. Екіншіден, күрделі сөздердің сыңарлары толық мағыналы сөздерден болады. Осылайша студенттер оқытушының көмегімен бірінші сұрақтың шешімін табады. Екінші мәселе бойынша, яғни жай, еркін сөз тіркесін жасаушы сөздердің әрқайсысы - дербес мағыналы сөздер екендігі, олардың әрқайсысы сөйлемде жеке сұраққа жауап беретіндігі, әрқайсысы сөйлем мүшесі қызметін атқаратындығы, олар сөйлемдегі бірнеше сөздермен түрлі сөз тіркесін жасайтындығы, еркін сөз тіркесінің бұл белгілері күрделі сөздерде жоқ, оның құрамындағы сыңарлары жеке-жеке еркін сөз тіркесін жасай алмайтындығы, ол тұтас тұрып, еркін тіркестің бір мүшесі болатындығы ғылыми еңбектердегі пікірлерге сәйкес талданады. Үшінші мәселе бойынша тіркескен күрделі сөздің тірек сыңары мен туынды түбір жасайтын жұрнақтың ұқсастығы бар, өйткені әр тірек сыңар қандай сөздерден күрделі сөздер жасаса да, бәрінде де ол бір мағына береді. Осы ерекшелік туынды түбір жасаушы жұрнақта да болатындығын студенттер талдайды, оқытушы олардың жауаптарын толықтырады.

Осылайша мәселелік сұрақтар арқылы өткізілген дәріс сабақ студенттердің өз беттерімен ізденулеріне мүмкіндік жасайды, олардың сабаққа деген белсенділіктерін арттырады, кәсіби тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Бұрынғы оқытушының баяндауынан тұратын лекцияда ақпарат көп берілгенімен, білім алушылар тек қана тыңдаушы болады да, белсенділік

танытпайды. Өздері араласып, талқыламаған мәліметтер тез ұмытылады, сондықтан да білім сапасы ойдағыдай болмайды.

Қай пәннен болсын, семинар сабақ өтілген материалдарды меңгерудің қорытынды кезеңі деуге болады. Семинар сабақтарды да жаңа интербелсенді әдістермен ұйымдастыру студенттердің ақпараттарды талдай білу, қорытынды жасау, өз пікірлерін дәлелді жеткізе білу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, «Сөзжасамдық ұя» тақырыбын дискуссия-семинар түрінде талдау тиімді екенін байқатты. Ол үшін мынадай жоспар бойынша талқылау ұйымдастыруға болады:

- сөзжасамдық ұя деген ұғымды қалай түсінуге болады?
- сөзжасамдық ұя мен түбірлес сөз деген ұғымдардың мәні бірдей ме, әлде ерекшеліктері бар ма?
- сөзжасамдық ұядағы сөздер жеке сөз табына қатысты бола ма?
- сөзжасамдық тізбек қалай жасалады?
- тізбек мүшелері әрі уәждеме, әрі уәждемеден жасалған туынды сөз қызметін атқара ала ма?
- сөзжасамдық саты сөзжасамдық ұяда қандай рөл атқарады?
- сөзжасамдық жұптың туынды сөзді және оның уәжемесін білдіретіндігін қалай дәлелдеуге болады?
- сөзжасамдық тарамның ұяға қатысы бар ма?

Осы сұрақтарды талдау арқылы студенттердің ізденушілік белсенділіктері артып, кәсіби тілде өз ойларын жеткізуге дағдыланады. Мұндай пікірталас кезінде студенттер сөзжасамдық ұя, оның құрамы туралы өз пікірлерін дәлелдей алу қабілеттері дамиды, тілдік, танымдық, қатысымдық құзыреттіліктері жетіледі, сабаққа деген ынталары артып, белсенді түрде әрекет етуге дағдыланады. Сөйтіп, білім алушы ізденуші, ойланып жұмыс істейтін тұлға ретінде қалыптасады. Семинар сабақтың мұндай формада өткізілуі оларды белсенділікпен ізденуге, мәселенің жауабын тауып, өздерінің көзқарастарын жүйелі түрде дәлелдеп баяндай білуге, еркін кәсіби тілде сөйлей білуге бейімдейді. Студенттердің тілдік және қатысымдық біліктілігі қатар дамиды. Ең бастысы, студенттер болашақ мамандықтарына сәйкес кәсіби тілде, ғылыми стильде сөйлеуге жаттығады. Мұны А.А.Вербицкийдің мына сөзі дәлелдей түседі: «Профессионализация обучения – одна из центральных тенденций развития дидактической системы высшей школы. Она не отвергает, а наоборот, предполагает общее, общекультурное развитие будущего специалиста, подчеркивая, что в обучении оно осуществляется направленно – в рамках

освоения будущей профессиональной деятельности» (Вербицкий 1991: 16). Сондықтан студенттерді сабақтың қай түрінде болмасын, өзара пікір алысу, ойларын жеткізе білуге бағыттайтын интербелсенді әдістерді пайдаланғанда ғана нәтиже сапалы болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

АЙМАУЫТОВ, Ж. (1998), *Бес томдық шығармалар жинағы, Психология, 4-т.*, Алматы.

ӘЛІМОВ, А. (2009), *Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану*, Алматы.

ВЕРБИЦКИЙ, А.А. (1991), *Активное обучение в высшей школе: контекстный подход*, Москва.

СҮЛЕЙМЕНОВА, Ж. (2005), *Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту әдістемесі*, Монография, Алматы.